

## Орман қоры жерлерінің жекелеген участеклерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 201 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының **Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қорғас өзені бойында қорғаныш құрылыштарының құрамында патрульдік-тракторлық жол құрылышы үшін жалпы ауданы 56,23 гектар жер участекі Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы "Жаркент орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мекеме) орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Алматы облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасыларын республикалық бюджет кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің тенгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 201 қаулысына қосымша

## Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер санатына ауыстырылатын жер участеклерінің экспликациясы

| Жер пайдаланушиның атауы   | Жалпы аланы, гектар | оның ішінде:         |            |             |             |
|--|---------------------|----------------------|------------|-------------|-------------|
|  |                     | орманмен көмкерілген | жайылымдар | шабындықтар | өзге жерлер |
| 1  | 2                   | 3                    | 4          | 5           | 6           |
| Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы "Жаркент орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі | 56,23               | 38,99                | 15,32      |             | 1,92        |

|          |       |       |       |   |      |
|----------|-------|-------|-------|---|------|
| Барлығы: | 56,23 | 38,99 | 15,32 | - | 1,92 |
|----------|-------|-------|-------|---|------|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК